

# ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 179 (9241) | 1953 жылғы 6 сентябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## Егін жыйнау мен астық дайындаудың шешуші кезеңі

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында социалистік ауыл шаруашылығымыз барған сайын алып адыммен өркендей түсуде. Коммунистік партияның және Совет Үкметінің еліміздің еңбекшілерінің әл-ауқат дәрежесін жақсарту жөнінде жасап отырған қамқорлығымен жігерленген ауыл шаруашылығының еңбекшілері ауыл шаруашылық өнімдерін көп өндіру және дайындау жөніндегі тапсырмаларды табысты орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Бұл күндері облысымыздың колхозшылары, совхоздары мен МТС-тердің қызметкерлері егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының шешуші кезеңін бастан өткізуде. Облысымыздың алдығы қатарлы шаруашылықтары егін жыйнау мен астық дайындауды өткен жылға қарағанда былай әлде қайда тиімділігімен ұйымдастырып, бұл жұмыстарды табысты жүргізуде. Сөйтіп, олар екі-үш жыл ішінде халық үшін зық-түлік және денді енеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау міндетін орындау күресіне келеді үлес қосуда.

Облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздары егін жыйнау мен астық дайындау жоспарын орындап, күрделі табысқа ие болды. Бұл жөнінде Тоқтұм, Совет, Киров және Мамлют совхоздарын, Петропавл ауданындағы Калинин атындағы, «Красный пахарь», Ленин ауданындағы «Новый путь», «Советский», Совет ауданындағы «Колос» колхоздарын атап өтуге болады.

Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» ауылшаруашылық арселінің (президенті Е. Бәукенов, партия бюросының секретары А. Слепченко жолдастар) колхозшылары былайы егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының алғашқы кезінде облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне үлгі болып, егін жыйнауды неғұрлым қысқа мерзімде және мемлекетке астық тапсыру жоспарын 10 сентябрьде аяқтауға міндеттенген болатын. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы колхозшылардың өндірістік және саяси белсенділігін бағалай біліп, науқанның алағашқы күндерінен бастан олардың алған міндеттемелерін мүлтіксіз орындауын тығызлықты ұйымдастырды. Ең алдымен егін жыйнауда механизация күшінің өнімді жұмыс істеуі қырманнан еңбекшілерді түріс-

налардың, көлік күшінің өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілмеген. Жұмыстың осылай қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы салдарынан көптеген колхоздар астық тапсырудың күндіз, бескүндік графиктерін орындай алмай келеді. Мұның ақыры бүкіл облысымыздың астық дайындауда артқа қалуына әкеліп соғып отыр.

Мұнымен бірге, әлі көп егіннің орылмай, сабақта тұрғандығын, бұл егінді оруды таяу күндерде аяқтамағандықтан, оның ұсырау қаупі бар екендігін айрықша атап өту қажет.

Егін жыйнау мен астық дайындау науқанын табысты жүргізудің басты шарты — егін жыйнау мен астық дайындау жұмысының графикін күн сайын және бес күн сайын мүлтіксіз орындап отыру. Алайда, көп аудандарда бұл шарт орындалмай келеді. Өткен бескүндікте Ленин, Соколов аудандарының колхоздары егін жыйнау мен астық тапсыру графикін орындаған жоқ. Ал, Соколов ауданы өткен бескүндікте астықты одан бұрынғы бескүндіктен көп кем дайындады. Мұны басты сыры — аудан партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық және дайындау бөлімдерінің, совхоз директорлары мен колхоз басқармаларының жұмысты ұштастыра жүргізіп, егін жыйнау мен астық дайындау жөніндегі тапсырмалардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ете алмай отырғандығында болып отыр.

Облыс аудандары астық дайындау графиктерін орындай алмай жүр. Ал, шығында аудандардың көптеген колхоздарының қырмандарында жүздеген, мыңдаған центнер астық тазартылмай, дайындау орындарына жөнелтілмей, үйіліп жатыр. Облысымыздың колхоздары мен совхоздары егін жыйнау мен астық дайындаудың шешуші кезеңін бастан өткізуде дедік. Олай болса, партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоздар мен МТС-тердің басшылары егін жыйнау мен астық дайындау науқанының тез және сапалы аяқталуын қамтамасыз ету жолына барлық күш-мүмкіндікті жұмылдыруға міндетті. Бұл үшін, ең алдымен, әрбір колхоз, совхозда егін жыйнау мен астық дайындаудың күн сайынғы және бескүндік графиктерінің толық және артығымен орындалып отыруына жетісу керек. Бұл міндетті табысты орындаудың басты шарты — әрбір комбайнның, астық тазартатын әрбір машинаның және

## Астық дайындаудың озаттарына теңелейік!

Петропавл ауданындағы „Луч Ленина“ колхозының колхозшылары астық дайындау жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындады

### ☆ Партия ұйымының ұйымдастырушылық ролі

Партия ұйымында 19 коммунист және комсомол ұйымында 37 комсомолец бар. Бұл — зор күш. Коммунистер мен комсомолецтер үнемі жұмыстың шешуші учас-токтерінде болып, зор ұйымдастырушылық роль атқарып келеді. Оған мысалға егін жыйнау және астық дайындау маусымын алуға болады.

Егін жыйнау маусымы басталар алдында партия ұйымының жыйналысы болып, онда егін жыйнауды қысқа мерзімде өткізу және мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз ету жөнінде мәселе қаралды. Осы жыйналыста партия бюросының мүшелері мен коммунистер жұмыстың шешуші учас-токтеріне бөлінді. Мәселен, партия бюросының мүшелері Р. Девяткин жолдас № 1 егіс бригадасына, С. Фоменко, № 2 егіс және № 3 трактор бригадаларына, мен № 3 егіс және № 5 трактор бригадаларына тағайындалдық. Ал, коммунист Лепченко жолдас егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысқа басшылық етуге міндеттелді. Әрбір коммунист пен комсомолецтің жұмысты қай учас-тоқта істейтіні белгіленді. Партия бюросы осы тапсырмалардың орындалуын үнемі қадағалап, бақылап отырды.


Колхоз партия ұйымы егін жыйнау маусымы кезінде жүргізетін үгіт-бұқаралық жұмыстың жоспарын жасап, оны партия бюросы мәжлісінде бекіткенді. Қырманда 36 үгітшісі бар үгіт коллективі кәзір егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізеді.

Әрбір бригадала мәдени қосы ұйымдастырылып, ол газет, журналдармен, көркем және саяси әдебиет кітаптарымен, дойбы, шахмат, музыка аспаптарымен жабдықталды. Жауынгерлік листоктар, «Біздің өміріміз» атты қабырға газеті жиі шығарылып тұрды.

Партия ұйымы социалистік жарысқа жете көңіл бөлді. Бригадалар арасында өзара социалистік жарыс ұйымдастырылды. Осының негізінде колхозшылар мен

Облыс егіншілері! Ақтөбеліктердің шақыруына нақтылы іспен жауап бере отырып, егін жыйнау мен астық дайындау қарқынын барған сайын күшейте берейік!

Мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарының әрбір колхоз бен совхоз бойынша мерзімінен бұрын орындалуына жетісу.



СУРЕТТЕ: «Луч Ленина» колхозының № 3 егіс бригадасының Қ. Қуанышбаев жолдас басқарған қырманда астық тазалап жатқан кез. Суретті түсірген Г. Бредигин.

## Берген сертке берікпіз

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен СССР министрлер Советінің председатели І. М. Мельников жолдасының сессияда сөйлеген сөзін өздің колхоздың колхозшылары зор құлағымен қарсы алды. Өйткені, сессия қабылдаған заңдар халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығын өзгерісін бағыттауға бағытталған.

Ауыл шаруашылығының ең негізгі бірімдісі — егін шаруашылығы болып табылады. Ал, егіншілердің жыл бойы еңбегін қорытындысы тек егін жыйнау маусымы кезінде ғана шығарылады. Сондықтан егін жыйнау және астық дайындау жұмыстары аса зор жауаптылықты

отырды. Абрамов, Сергеев, Дмитриев жолдастар басқарған звенолардың мүшелері де астық тазалауда еменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі 120—130 проценттен орындады.

Бастырылған астықты тазарту күні-түні, бірдей ұйымдастырылғандықтан колхоз мемлекетке астық тапсыруды тәулік бойы тоқтаусыз жүргізді. Бұл жұмысқа «Союззаготтрансстан» және басқа да облыстық мекемелерден күн сайын 8—10 машина қатысып, дайындау пункттеріне 1.000 центнерге дейін астық жеткізді.

Егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарының осылай жүргізілуі нәтижесінде колхоз мемлекетке астық

### ☆ Жұмысты зор ынтымақпен істейміз

Ауылшаруашылық жұмыстарының табысты болуы егіс және трактор бригадаларының жұмысты бірлесіп, зор ынтымақпен істеуіне тығыз байланысты екендігін біз өзіміздің іс тәжірибемізден көріп келеміз. Біздің бригадалар арқашан бірлесіп жұмыс істейді.

Егіс бригадасы трактор бригадасында жұмыс істеуге 12 колхозшыны жыл ба-сында бекітіп берді. Бұл адамдар осы уақытқа дейін тек трактор бригадасында ғана еңбек етіп келеді. Сол сияқты, егіс бригадасы трактор бригадасындағы 4 комбайнды қажетті адамдармен, күш қол-діктерімен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етіп, егін жыйнауда комбайндардың өнімді жұмыс істеуіне толық жағдай жасалды.

Кәзір бригадада 2 мың гектар дәнді да-қылдар, оның ішінде 1900 гектар жаздық бидай жыйнау керек болса, бұдан 1100 гектардан артық егін жыйналды. Комбайндармен жыйналған егіннің сапасын біз күнбе-күн бақылап отырамыз. Егер егіндік учас-тоқтарда атжалдар қалса, оны дереу жыйнауды комбайншылардан талап етеміз.

Қырманда астықты тазалау, келтіру жұмыстарын механикаландыруға трактор бригадасы көп көмек көрсетуде. Бригада мүшелері «МК—1100» молотилкасын астық тазалауға бейімдеп, оның трактор моторымен жұмыс істеуіне мүмкіндік ту-ғызды. Мұнымен тәулігіне 600 центнердей астық тазартылады.

Бастырылған астықтың тезінен тазартылып, дайындалуы мемлекетке астық тапсыру жұмысының бригадада үлгілі аяқ-талуына мүмкіндік берді. Бригада коллек-тиві мемлекетке 7700 центнер астық тап-сырып, жоспарды артығымен орындап шықты.

Бізге егіннің сабанын жыйнап, майға салу жұмыстары механика күшімен ат-қарылады. Бұл жұмыста екі трактор жұ-мыс істеп, 300 гектар егіннің сабанын жыйнады.

Бригадалар егін жыйнау және астық





